

УНИВЕРСИТЕТТИҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

«Болашақ» университеті-республикамыздағы заман талабына сай білім беруді көздеген жоғары оқу орындарының бірі. Қазақстанмен Ресейдің қос дипломын иелену осыдан 20 жыл отандастарымызға түсініксізеді. Бұл бастаманы көтерген- университеттің негізін қалаушы, ғылыми жетекшісі, Қазақстан Республикасы. Ұлттық Ғылым академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Бақберген Сәрсенұлы Досманбетов.

«Болашақ» университетінің негізі Мәскеу халықаралық бизнес және ақпараттық технологиялар университетінің Қызылордадағы филиалының 1995 жылы ашылуымен байланысты

Алғашқы жылдары студенттер менеджмент, экономикадағы ақпараттық технологиялар, қаржы және несие, коммерция, маркетинг, статистика, бухгалтерлік есеп, халықаралық басқарудағы ақпараттық технологиялар, халықаралық ақпараттық бизнес мамандықтары бойынша білім алды. Сол кезден бастап республикада алғаш рет қашықтықтан оқыту технологиялары кеңінен қолданыла бастады. 1999 жылы Университет филиалы Қызылорда экономика, статистика және информатика университеті (КЭСИ) болып дербес құрылды. Мемлекеттік лицензияға сәйкес оқу орны орта, жоғары, жоғары білімнен кейінгі, қосымша білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс жүргізе бастауы. Университет базасында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті ректорының 1999 жылдың 16 шілдесіндегі бұйрығына сәйкес Қызылорда филиалы ашылып, студенттер қабылданды.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Қызылордадағы филиалының негізгі мақсаты - Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстары үшін жоғары санатты мамандарды даярлау болып табылды.

Университет филиалында төмендегі мамандықтар бойынша білім алуға мүмкіндік туындады:

«Аударма ісі», «Шығыстану», «Бастауышты оқытудың педагогикасы мен әдістемесі», «Шетел тілі», «Дизайн», «Халықаралық экономикалық қатынастар», «Жолқозғалысын ұйымдастыру», «Математика», «Информатика», «Экономикадағы математика», «Саясаттану», «Қазақстан тарихы», «Журналистика», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Құқықтану», «Әлеуметтік - мәдени сервис және туризм», «Экономика», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Қаржы және несие», «Кеден ісі», «Мемлекетті басқару», «Менеджмент», «Хореография», «Музыка және ән айту».

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің филиалының ашылуы қазіргі университет дәстүрін қалыптастыра бастады. Осы уақытта 1 факультет пен 3 кафедра жұмыс жасады. Филиал қызметі барысында университетке отандық танымал ғалымдар келіп бұл үрдіс бүгінгі таңда да жалғасын табууда.

Құрылтайшылар шешіміне сәйкес 2001 жылдың 28 тамызында

университет атауы «Болашақ» университеті болып қайта құрылды.

Осы жылы университет жанынан колледж ашылды, 2013 жылы «Болашақ» медициналық колледжі ашылып, талапкерлер қабылдай бастады.

2005 жылы университет «Іскерлік тәжірибенің жоғарғы сапасы үшін» Халықаралық қорының Алтын медалімен, 2006 жылы Қазақ-Швейцария Бизнес Клубын дамытудағы «Мінсіз іскерлік беделі үшін» Алтын медалімен марапатталды. 2006 жылы университет өкілдері Париж қаласында өткен экономистердің III Халықаралық Ассоциациясының бас қосуына қатысты. Университет Сауда-өндірістік рейтингісінің 2014 жылғы жеңімпазы.

Оқу ордасы 2014 жылғы Женевалық «Сапа мен сауда абыройы үшін» Еуропалық Алтын белгі марапатының иегері.

Университет 2018 жылы Институционалдық аккредитациядан өтті. Бүгінде университет құрамында 2 жоғары мектеп, 10 кафедра, екі жоғары колледж, «Астаукөл» оқу-тәжірибелік және сауықтыру орталығы, «Балжансай» агробиологиялық және ғылыми-тәжірибелік учаскесі бар.

Оқу орнын осы уақытқа дейін Қалиев Бақыт Қалиұлы (1995 - 1997жж.1999-2000жж.); Елеусінов Бауыржан Тәжмағанбетұлы (1999-2008 жж.); Жүнісов Абайбек Талғатұлы (2008-2010жж.); Үмбетов Өмірбек Үмбетұлы (2010- 2013 жж.2016-2018жж.); Махмұтов Болат Бижанұлы (2013-2014жж.); Кәленов Ғалымжан Кендебайұлы (2014), 2019 жылдан Дәуренбеков Қуаныш Қойшығұлұлы басқарады.



Университеттің алғашқы оқу ғимараты



Бүгінгі бас оқу корпусы